

## **«Шеврон» Қазақстанда көлемі \$ 248,5 млн. болатын тікелей инвестициялар қорын құрады**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен «Шеврон» компаниясы көлемі \$ 248,5 млн. болатын Тікелей инвестициялар қорын құру бойынша Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Меморандумға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Асқар Маминнің қатысуымен ҚР Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев пен «Шеврон» компаниясы Еуразия бөлімшесінің Басқарушы директоры Джон Балтц қол қойды.

Меморандум Қазақстандағы коммерциялық кәсіпорындарға инвестиция салу арқылы экономика мен жергілікті қамтуды дамытуды мақсат етіп қойып отырған Қор құруды көздейді.

**«Жергілікті қамтуды және бизнес ортаны дамытудың біз үшін маңызы зор. Тікелей инвестициялар қорының механизмі «Шеврон» компаниясына Қазақстанда тапқан табысының бөлігін Қазақстандағы мұнай-газ саласында тауар өндіретін, жұмыстар атқаратын және қызметтер көрсететін, қоршаған ортаны қорғайтын кәсіпорындарды, сонымен қатар ақпараттық және цифрлық технологиялар саласындағы кәсіпорындарды құруға және қолдауға жұмсауға мүмкіндік береді», – деді ҚР энергетика министрі М. Мырзағалиев.**

**«Біз қордың инвестициялары табысты кәсіпорындарды құрудың және еңбек ресурстарын дамытудың арқасында экономикалық дамуды жалғастыруға көмектеседі деп сенеміз», – деп атап өтті Меморандумға қол қою рәсіміне қатысқан «Шеврон» компаниясының барлау және өндіру бөлімшесінің атқарушы вице-президенті, Джей Джонсон.**